Шектеу іс шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін Үшбұлақ ауылдық округінде белгілеу туралы

Алматы облысы Алакөл ауданы Үшбұлақ ауылдық округі әкімінің 2010 жылғы 01 қазандағы N 5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Алакөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 08 қазанда N 2-5-120 тіркелді

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" N 339-II Заңының 10-1-бабының 7-тармақшасына Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы Министрлігі агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Алакөл аудандық аумақтық инспекциясының 2010 жылғы 2 шілдедегі "Үшбұлақ ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан сарып ауруының туындағанына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимін белгілеу туралы" ұсынысына сәйкес, Үшбұлақ ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Үшбұлақ ауылдық округ тұрғындарының меншігіндегі малдарының арасынан, сарып ауруының шығуына байланысты, карантин режимін және шектеу іс-шараларын енгізе отырып, карантин аймағының ветеринариялық режимі белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды округтің лицензиялық мал дәрігері Бақытбек Әскербекұлы Баукебаевқа жүктелсін.

3. Шешім жергілікті басылымда ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үшбұлақ ауылдық округінің әкімі: Ж. Ахметжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК